

**№12 жалпы орта мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Ж.
Сланбекованың 2022-2023 оқу жылына арналған жұмыс жоспары бойынша І-ші жарты
жылдықтағы атқарылған жұмыстардың есебі.**

Тамыз

2022 жылдың 26-тамыз күні мұғалімдердің аудандық тамыз конференциясы (педоқу) өтті. Тамыз конференциясына мектеп директоры Д. Тулепов, директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Ж. Сланбекова, жергілікті кәсіподақ ұйымының төрағасы Б. Салманов, директордың ғылыми істері жөніндегі орынбасары Ш. Азбергенова т. б мектеп әкімшілігі мен пән мұғалімдері өз саласы бойынша қатысты. Мектеп мұғалімдері мен (МАДТ) тәрбиешілері және барлық педұжым мүшелері мұғалімдердің аудандық тамыз кеңесі жұмысымен таныстырылды және жаңа оқу жылында алға қойылған мақсат-міндеттермен танысты, жаңартылған (оқу) білім беру мазмұнымен танысты.

ШААӘДБ-нің хатына сәйкес 2022 ж 1-қыркүйегі күні бірінші сабақ «Білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік және отаншылдық» тақырыбында өтілуі керектігі пән мұғалімдері мен сынып жетекшілерге айтылды.

1-сыныпқа қабылданған оқушыларды тіркеуге алу, құжаттарын жинақтау, ата-аналарымен түсіндірме жұмысын жүргізу, оларды мектептің ішкі тәртіп ержесімен таныстыру жұмысы іске асырылды. 1-сынып оқушыларына оқулық (жаңа үлгідегі) тарату жұмысы (кітапханада) атқарылды. Оқулықтар жаңартылған білім беру мазмұны бойынша шығарылған. 2022-2023 оқу жылында барлық сынып оқушылары кітаппен қамтылды.

Сынып бөлмелері мен пән кабинеттері белгіленді, оқу жылына дайындығы тексерілді (арнайы құрылған комиссия құрамы)

Мұғалімдердің аудандық тамыз кеңесіне дайындық (көрме ұйымдастыру) жұмысы жүргізілді және 2022 жылдың 26-тамызы күні өткен тамыз кеңесіне мектеп директоры мен оның оқу ісі жөніндегі орынбасары қатысты, тамыз кеңесінде қаралған мәселелермен мектеп педұжымы таныстырылды.

Сабақ кестесінің үлгілік жобасы жасалды. Сабақ кестесі жаңа үлгі бойынша және Шардара аудандық тұтынушылардың құқықтарын қорғау басқармасының санитариялық-эпидемиологиялық талаптарына сәйкес жасалды.

Әрбір сабақтың ұзақтығы 45 минут, үзілістердің ұзақтығы 10-15 минут. Мектеп мұғалімдері мен жиналысы өтті.

Педагогикалық кеңесте бүгінгі күннің өзекті мәселесі жас ұрпаққа білім берудегі жүйемен және міндеттермен таныстырылды.

2022-2023 оқу жылында білім беру ұйымдары білім беру процесін ұйымдастыру кезінде «Білім туралы», «Педагог мәртебесі туралы», «Қазақстан Республикасындағы Баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының Зандарын басшылыққа алуы және оқу-тәрбие процесін келесі нормативтік құжаттар негізінде жүзеге асыруы тиіс:

Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» (ҚР МП 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығы);

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы №365 бұйрығы, ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы, №500 бұйрығына 5-9 сыныптар үшін 6-қосымша, 10-11 сыныптар жаратылыстану-математика бағыты бойынша 22-қосымша, 10-11 сыныптар қоғамдық-гуманитарлық бағыты бойынша 21-қосымша, төмендегілермен оқу жүктемесі педагогикалық кеңесте қарастырылып және ата-аналар комитетімен қамқоршылық кеңестің келісімімен шешім қабылданып, оқу жұмыс жоспары жасалынды. 2022-2023 оқу жылының жұмыс оқу жоспарымен таныстырылып, талдама жасады. 2022-2023 оқу жылында 1-11 сыныптар жаңартылған білім мазмұны бойынша білім алады. Келесі сұрақ бойынша білім алушыларды қабылдау, ауыстыру, білім алушылардың сабақ режимі, оқу жүктемесін бекіту туралы айтты.

2-11 (12) сыныптарда сабақтың ұзақтығы – 45 минут. Бірінші сыныптардың оқу сабақтарының режимі: қыркүйекте – күніне 35 минуттан үш сабақ, қазан айынан бастап Санитариялық қағидаларға сәйкес көз шынықтыру жаттығулары мен гимнастикаларын жасай отырып 45 минуттан өткізіледі. Білім беру ұйымдарына оқуға қабылдау «Меншік нысаны мен ведомстволық бағыныстылығына қарамастан, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдау тәртібі, сондай-ақ мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібі, білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау және оқуға қабылдау, балаларды бастауыш білім беру ұйымдары арасында ауыстыру үшін құжаттарды қабылдау, негізгі орта және жалпы орта білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2018 жылғы 12 қазандағы № 564 бұйрығы негізінде жүзеге асырылатыны жайлы сөз қозғады. *(өзгерістер мен толықтырулар 2020 жылғы 7 тамыздағы №332 бұйрығымен бекітілген).*

Сабақ кестесін құруда мектеп әкімшілігіне әрбір сыныптағы пәндер бойынша оқу сағаттарының нормаларын, мектептің материалдық-техникалық базасы мен кадр ресурстарын ескере отырып, автоматтандырылған бағдарламаларды пайдалану ұсынылады. Білім алушылардың бір күндік және апта ішіндегі ой еңбегінің жұмысқа қабілеттілігі динамикасын ескеру және «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» Санитариялық қағидаларының 4-қосымшасына сәйкес пәндерді қиындығына қарай саралау кестесін пайдалану қажет (ҚР ДСМ 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығы).

2020 жылы енгізілген өзгерістер мен толықтырулар жөнінде хабарлама жасады. Құжаттарды қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсетудің нәтижелерін беру екі тәсіл көрсетілетін қызметті беруші арқылы «электрондық үкімет» веб-порталы және бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдары арқылы қағаз түрінде жүзеге асырылады. 2022-2023 оқу жылында мектепке 1 сыныпты қабыладу бойынша енгізілген өзгерістер туралы айтты. Мектепке 1 сыныпқа 49 бала қабылданды. 2022 жылғы 12 қыркүйекке дейінгі жазғы қозғалыста 2-11 сынып аралығында 11 оқушы кетіп, 52 оқушы қабылданды. Жалпы 1-11 сыныпта 677 білім алушы, 0-11 сынып бойынша 712 білім алушы, 38 сынып комплект болып тұрғанын жеткізді.

Шардара ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің 15.08.2022 жылғы №06/10-4/149 хатына сәйкес «Білімнің басты құндылықтары: отаншылдық, білімге құштарлық, еңбекқорлық» атты облыстық тамыз кеңесінің аясында Ордабасы ауданы, Б. Оңтаев атындағы жалпы орта мектеп базасында өтетін облыстық тамыз кеңесіне қазақ тілі пәнінің мұғалімі С. О. Базарбаева жіберілді.

Орта мектепті бітірген оқушылардың оқуға, жұмысқа орналасуы туралы сынып жетекшілерден мәлімет алынды .

ҚЫРКҮЙЕК

Балалар жылына орай «Білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік және отаншылдық» тақырыбында алғашқы қоңырау салтанатты жиыны болып өтті. Шараны мектебіміздің директоры Д. Р. Тулепов ашып беріп, ұстаздарды, оқушыларды, ата-аналарды жаңа оқу жылымен құттықтады. Мемлекеттік әнұранмен басталған жиында ардагер ұстаз М. Момынов, адами әлеуетті дамыту бөлімінің бас маманы Қ. Жаутикова, мектептің қамқоршылық кеңесінің төрағасы А. Данияров, ата-аналар кеңесінің төрайымы Қ. Абдиева мерекелік іс-шараға қатысып, мектеп табалдырығын аттағалы отырған жас бүлдіршіндерге ақ жол тіледі. Білім күнінің мақсаты: жаңа оқу жылының басталуы қарсаңында білім алушылардың бойында жағымды көңіл-күй, оң көзқарасын қалыптастыру. Мектеп табалдырығын аттаған бүлдіршіндеріміз өздерінің өлең жолдарын арнап, соңғы әуелеген әнмен өріліп, мың бұралған биге ұласты. Барлық сынып жетекшілер бірінғай сынып сағаты аясында оқушыларға адам

өміріндегі құндылықтардың рөлін талқылауға басты назар аударды. Сондай-ақ балалар жазғы демалыстан алған әсерлерімен бөлісіп, жаңа оқу жылынан не күтетіні жайлы ортаға салды.

Жаңа оқу жылында жұмысқа мүмкіндігінше жоғары білімді, білікті маманды қабылдау (іріктеп, тест арқылы) жұмысы жоспарланды. (керек жағдайда)

Қыркүйек айында директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Г. Батырмбетова және мектеп инспекторымен «Жолда жүру ережесі» бойынша слайд арқылы жолдағы қауіпсіздіктер туралы түсініктеме жұмыстарын жүргізді. Мектеп жасындағы балалардың жол қауіпсіздігінің алдын алу, көшеде заңға бағынушылық тәртібін қалыптастыру мақсатында «Абайлаңыз, балалар!» жедел-профилактикалық іс-шара онкүндігі жоспарланып сынып сағаттары, тренинг, сайыс, алғашқы медициналық жәрдем көрсету сағаты ұйымдастырылды. 1-5 сынып оқушыларына, ата-аналарға жол-көлік оқиғасының алдын алу, сақтық шаралары туралы жиналысы ұйымдастырылды. Жыл бойы жоспарға сәйкес ауқымды шаралар жоспары жасақталды. Оқушылардың мектепке келіп-кетуіне ата-ана жауапкершілігін күшейту әр сынып жетекшілеріне жауапкершілік міндеттелді. Алыстан қатынап оқитын оқушылардан қол хат алынды.

05.09-15.09.2022ж аралығында 02.09.22ж №95 хатына сәйкес, 2022ж 5-15қыркүйек аралығында тілдер мерекесіне орай «Тіл мәртебесі-ел мәртебесі» «Ахмет Байтұрсынұлы және Тіл-рухани жаңғыру тірегі тақырыбында онкүндік іс-шарасының жоспары түзілді. А. Байтұрсынұлының өмірі мен шығармашылығы, кітаптары, ғылыми еңбектері туралы мағлұмат беріп, акын өмірін оқушыларға үлгі ете отырып, өз елін сүйуге оның көркеюіне үлес қосуға тәрбиелеу мақсатында «Тіл мәртебесі-ел мәртебесі» тақырыбында апталық барысы ашылып, «Әлемдік кеңістіктегі Ахмет және ұлт бейнесі» 5-11 сынып арасында эссе байқауын өткізіліп нәтижесі шығарылып, «Ахмет Байтұрсынұлы мұрасы» тақырыбында кітапханашы З. Абдимауленова дөңгелек үстел өткізді.

14.09.22ж **«Тіл мәртебесі-ел мәртебесі»** тақырыбында тілдер мерекесінің онкүндігінде қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Ж. Сланбекованың ұйымдастыруымен 10-11 сыныптар арасында мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейту, мемлекеттік тілдің мәртебесі мен маңызын кеңінен насихаттау, оқушылардың тілге деген патриоттық сезімін ояту мақсатында **«Мемлекеттік тілдің бүгінгі мен ертеңі»** тақырыбында дөңгелек үстел өтілді. Дөңгелек үстел барысында оқушылар өз ойын ашық айтып, егеменді еліміздің тұғыры қашан да тіліменен биік екенін жеткізе білді. Тіл тағдыры туралы көкейді жүрген көп ойлармен бөлісті. Оқушылар өз ана тілінің қадір - қасиетін біліп, өз ана тілінің көркемдігін сезініп, сөз күдіретін түсініп, оның адам өміріндегі маңызын ұғынды. Оқушылар белсене қатысып, өздерінің ойларын ортаға салып, атақты ақындардың және өздерінің тіл туралы жазған өлеңдерін оқып, тіл байлықтарының кең екенін көрсете білді.



«Тіл тағдыры – ел тағдыры» сондықтан әр адам өз ана тілін көзінің қарашығындай қорғауға тиістігін, туған тілдің абыройын асқақтату – әрбір адамзаттың абзал борышы екенін сезінді.



Тәуелсіз елдің елдігі жас ұрпағын парасатты да білімді, іскер де қабілетті, отансүйгіш те ұлтжанды тұлға етіп қалыптастыруда мемлекеттік тілдің атқаратын қызметі орасан зор екенін оқушылар сезінді.

Іс-шараның соңын оқушылар ұстазымен бірге Е. Хасанғалиевтің **«Атамекен»** әнімен қорытындылады.



Бірлестік жетекшісі К. Бурибекова мен қазақ тілі пәнінің мұғалімдері қатысып, белсенділік танытқан оқушыларға рақметін айтып, іс-шараның жоғары деңгейде өтілгендігі жайлы ризашылығын білдіріп, оқушылар мен ұстазына жаңа оқу жылында шығармашылық толағай табыстар тіледі.

«Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы акционерлік қоғамының филиалы ТОО және Шымкент қаласы бойынша кәсіби даму институты филиалының әкімшілігі 09.09.2022жылғы №15-7-27-10-241 санды шығыс хатына, ШААӘДБ-нің 09.09.2022ж №06/10-4/281 санды хатына сәйкес, 12.09-23.09.2022 ж аралығында күндізгі форматта өтетін жоспарланған қысқа мерзімді біліктілікті арттыру бюджеттік курсының күндізгі форматына қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі С. Базарбаева жіберілді, оқуға кеткен мұғалімдердің апталық жүктеме сағаттары ауысымға (заменге) өзге пән мұғалімдеріне берілді (ауыстыру үшін).

«Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы акционерлік қоғамының филиалы ТОО және Шымкент қаласы бойынша кәсіби даму институты филиалының әкімшілігі 13.09.2022жылғы №15-7-27-10-257 санды шығыс хатына, ШААӘДБ-нің 19.09.2022ж №06/10-4/363 санды хатына сәйкес, 19.09-30.09.2022 ж аралығында күндізгі форматта өтетін жоспарланған қысқа мерзімді біліктілікті арттыру бюджеттік курсының күндізгі форматына қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі М. Сайфуддинова мен физика пәнінің мұғалімі А. Булегеноваға жіберілді, оқуға кеткен мұғалімдердің апталық жүктеме сағаттары ауысымға (заменге) өзге пән мұғалімдеріне берілді (ауыстыру үшін).

Жас мамандардың күнтізбелік, күнделікті сабақ жоспарлары тексеріліп, ескертулер айтылды, кемшіліктері түзетіліп, бекітуге ұсынылды.

Барлық пән мұғалімдеріне жоспарды жаңартылған білім беру мазмұнына сай жасау №472 бұйрықпен орындау керектігі айтылды.

11-ші және 9-сынып оқушыларын ҰБТ мен ОЖСБ –ға дайындау жоспары жасалды және пән мұғалімдері мен сынып жетекшілеріне жоспармен танысты.

Барлық сыныптардан оқушылардың білім деңгейін байқау мақсатында кіру срезі алынды (барлық негізгі пәндер бойынша). Оқушылардың жазба жұмыстары тексеріліп, қорытынды шығарылды және мониторингі жасалып, жинақтап тігілді және оқу бөліміне өткізілді.

15. 09. 2022ж **«Балалар тәрбиесіне байыпты қарайық!»** тақырыбында ата-аналар жиналысы бөліп өтті. Қазіргі таңдағы ата-аналардың меңктеппен мұғаліммен тығыз байланысын арттыру, балаларды білімге, мейірімділікке, ұстамдылыққа тәрбиелеудің жолдарын көрсету, бала тәрбиесіне байыппен қарау мақсатында өткізілді. Бала үшін мектеп және өз үйі қауіпсіз орта болуы қажет. ДТІЖО-ры Г. Батырымбетова өткен оқу жылындағы атқарылған тәрбие жұмыстары бойынша және биылғы жылдың жаңалықтармен бөлісті. Сондай-ақ балаларға қатысты зорлық-зомбылық, бала еңбегін қанаудың алдын алу жұмыстары, құқықбұзушылықтың іс-шаралары бойынша жұмыстардың жүйелі жүргізілуі түсіндірілді. Сонымен қатар баланың оқуына да тікелей ата-ананың қатысы бар екендіктері, әрі жауапты болатындықтан үйде баланың сабағына ата-ана қарауы керектігі, жаңа оқу жылының ерекшеліктері жөнінде түсіндіріп өттім.

11-сынып оқушыларынан ҰБТ-ке дайындау мақсатында болжау тесті (№1) 25.09.2022ж күні алынып, қатемен жұмыс жасалды, нәтижесі шығарылып, мониторингі жасалды. Оқушылардың ата-аналарына тест нәтижесі хабарланды.

Мектеп құжаттамасының жүргізілуін мектепшілік бақылау жоспарына сәйкес 2022 жылғы 25–27 қыркүйекте сынып жетекшілері мен пән мұғалімдерінің 1–11-ші сыныптың электрондық журналының уақтылы толтырылуы тексерілді.

Мектепшілік басшылық пен бақылау және кезекшілік (жоспар бойынша) кестесі жасалып, бекітірілді және тиісті орнына ілінді.

Пән бірлестіктерінің жиналыстарына қатысу, пән мұғалімдеріне оқу жылын бастау, жаңартылған білім беру мазмұны, электронды журнал, сыныптарды оқытудағы өзгерістер т.б.білім беру сапасына байланысты жаңалықтар, білім беру саласындағы ұйымдарының үлгілік оқу жоспарындағы өзгерістер мен толықтырулар жайлы айтылды.

Пән мұғалімдерінің сабақтарына ену, талдау жасау және әдістемелік көмек беру жұмысы іске асырылды.

30.09.2022ж 06/10-4/470 санды хатын негізге алып, онлайн сауалнама айдары бойынша жұмыстар жүргізіліп, скриндеп сауалнаманы тиісті маманға жібердік.

ҚАЗАН

Ұстаз-ұлағатты есім. Шәкірттерін білім нәрімен сусындатып, тәлім-тәрбие беру, жақсы қасиеттерді бойына дарытып, адамгершілік рухта бағыт-бағдар беруде ұстаздың еңбегі зор. Сондықтан да ол әрдайым қабілетті тұлға ретінде ерекшеленеді. Білім көшін жылжытып келе жатқан ұстаздар қауымына құрмет арта бермек. Қазан айының алғашқы аптасы ҚР Оқу-ағарту министрлігінің ұйымдастыруымен республикалық «Ұстазыңды құттықта» байқауымен басталды.

Ортамызда жүрген қарияларымыздың бір кезде елі, халқы, келешек ұрпағы үшін жасаған игі істері ерекше орын алады. Қазіргі кезде біздің мемлекетімізде қарттарға үлкен мән беріп, көңіл аударып, жан- жақты үкімет тарапынан қамқорлық жасалуда. Қазақстанның өсіп- өркендеуіне, еліміздің бейбітшілік тыныш өмір кешуіне өз үлестерін қосқан осы ардақты да аяулы қарттарымыздың арқасы деп есептейміз. Міне, енді қарттар күні саналы ғұмырларын

Отан деп, тынымсыз еңбектерімен мемлекетіміздің негізін салуға жол ашқан алдыңғы буын ата-әжелеріміздің төл мерекесі. Олардың өмір жолдары бүгінгі ұрпаққа табылмас қазына.

Қарттарды құрметтемейтін, олардың алдындағы перзенттік парызын үлкен ынтамен орындамайтын, әдептілік, кішіпейілділік, сергек сезімталдық көрсетпейтін, бұл қасиеттер қанына сіңіп, жүрегіне ұяламаған ұрпақтан не опа, не қайыр?! Адамның өмірінің мәні мен сұлулығы, адамның келешегіне сенімділігі – баланың ата-анасын ардақ тұтып, өзінің перзенттік қарызын бір сәтке де есінен шығармауында. Үлкендіктен ешкім құтыла алмаған. Бірақ кәріліктің өзінің сәні – мәні бар.

Қарт кісіні құт-береке деп танысақ-ол ұрпақ көрегендігі. Ұрпағы құрметтеген ата-ана әр кезде де бақытты. **05.10. 22 ж** мектебімізде **«Қарттарым-асыл қазынам»** тақырыбында ауқымды іс-шара өтілді.

Алтын күз туған табиғаттың тамаша бір көрінісі. Күзде табиғат көрінісі жиі өзгереді, аспанды бұлт торлап, ағаш жапырақтары жерге түседі, жанбыр жауады, құстар жылы жаққа ұшады айнала сұлуланады. **«Алтын күз-күздің көркі»** тақырыбында үйірме мүшелерінің іс-шарасы өтілді.

07.10.2022ж оқушылардың ой-өрісін дамыту, қол өнерге баулу мақсатында **«Алғашқы менің ұстазым»** гүлдер байқауы өтілді. Барлық сыныптың оқушылары ат салысты. Сынып оқушыларының қолдан жасап келген дүниелерін тамсана тамашаладық.

2022-2023 оқу жылында мектептегі әдістемелік жұмыс: «Білім беруде оқытудың педагогикалық технологияларын қолдана отырып, әр оқушының білім сапасын көтеру, шығармашылық мүмкіндіктерін кеңейту» тақырыбында жалғастырылды.

Әдістемелік мәселенің мақсаты: тәрбиелеу және оқыту үрдісінде инновациялық технологияларды енгізу, оқушылар білім сапасының қалыптасуындағы мұғалімнің жетекші ролі және оқушылар ептілігі мен дағдаларын дамытудағы педагогикалық еңбектің нәтижелерін көтеру әдістері мен тәсілдерін қамту.

Мектепте әдістемелік жұмыстарды үйлестіру үшін әдіскерлік кеңеспен пәндер бойынша 8 әдістемелік бірлестігі құрылған. Барлық ӘБ бекітілген жоспар көлемінде өз тақырыптары бойынша жоспар бойынша жұмыс жүргізіп отыр.

Мектепте жас мұғалімдерге әдіскерлік көмек көрсету жүйелі түрде жүргізіледі. Жас мұғалімдерге тәлімгер ұстаздар тағайындалған. Оларды жаңа технологиялармен таныстыру, технологияларды тандап алып жұмыс жүргізу жолға қойылған. Жас мұғалімдерге әдіскерлік көмек көрсету мақсатында «Жаңа технологияларды пайдалану», «Оқушылардың артықша оқу жүктемелерін жеңілдету жолдары», «Оқушылардың шығармашылық және орындаушылық қабілеттерін дамыту» тақырыптарында семинар, дөңгелек үстел ұйымдастырылды. Жас мамандар үшін анкеталау өткізіліп, олардың талап-тілектері ескеріліп, жеке консультациялар ұйымдастырылып, нәтижесі әдіскерлік кеңесте қаралады.

07.10-14.10.22 ж аралығында қазақ тілі апталығы өтілді. 9 сыныптарға «Шешендік өнер» А. Усербаева, 5б сыныбына «Қобыланды батыр жырының кейіпкерлері» Г. Ермекбаева, 6в сыныбына «Жеті ғажайып сыры» С. Базарбаева, 10а сыныбына «Масғұт поэмасының тақырыбы мен идеясы» Ж. Сланбекова, 7сынып «Қорқыттың нақыл сөздері» М. Сайфуддинова, 10 ә сыныбына «Ескендір поэмасы» М. Зулбухарова, 6а сыныбына «Египет пирамидалары» К. Бурибекова, 5в сыныбына «Қобыланды батыр жыры» Л. Изеева, 5 сыныпқа «бесікке салу» Ш. Азбергенова тақырыптарында ашық сабақтар өткізіп, апталық барысында өткен сабақтарға ену, талдау жасау, әдістемелік көмек беру жұмыстары жүргізілді. БАҚ бетіне жариялау ұсынылды.

12.10.2022 ж **«Масғұт» поэмасының тақырыбы мен идеясы»** тақырыбында **10.1.1.1** әдеби шығармаға сюжеттік-композициялық талдау жасау арқылы идеялық мазмұнын түсіну, **10.1.5.1** ұлттық құндылықтардың маңыздылығын контекстермен үндестіру оқыту мақсатында 10а сыныбында ашық сабақ өткіздім.




Оқушылармен сәлемдесіп, сыныпта жағымды психологиялық ахуал қалыптастыру мақсатында А. Құнанбаевтың «Желсіз түнде жарық ай» әнімен бастап қызыл, сары алма арқылы «Абайдың қарасөздері», «Абайдың өлеңдері» арқылы екі топқа бөлдім.



«6 неліктен?» стратегиясы арқылы Абай шығармашылығына байланысты сұрақтар қойылып, өткен сабақты пысықтап алдық.





Оқушылардың барлығы дерлік белсенділік танытып, өткен сабақтарды жақсы меңгергендігін көрсете білді. Тапсырмаға жауап берген оқушыларды «Екі жұлдыз, бір тілек» арқылы ҚБ бағаланып отырды.



«Әлем Абайды танысын!» айдарында ағылшын тілі пәнінің мұғалімі М. Мауленова оқушыларға Абайдың жүрген ізі, жолы бойынша ағылшын тілінде сұрақтар қойып, оқушылардан ағылшын тілінде жауабын алып, ағылшын тілін керемет меңгергендігі, пәнге деген қызығушылығы жоғары екендігін көрсете білді.





Қазақ халқының ұлы ақыны, кемеңгер ұстазы, туған елінің мың жылдық мұңын шерткен Абай мұрасы мәңгілік мұра. Ол бүгінгі күні өзіміздің досымыздай, ғұлама сапарлас серігіміздей болып, сәулетті болашаққа қарай бізбен бірге аршындап, адымдап келгенін сезіндіру мақсатында **«Ойтүрткі»** әдісі бойынша Абайдың жүрген ізі, шығармашылығы жайында бейнеролик көрсетіліп, оқушылар Абайдың **«Масғұт»** поэмасымен танысып, болжам жасап, қандай ой түйгені жайлы жетелеуші сұрақтар арқылы ойларын ортаға салады.



1. Поэманың бас кейіпкері кім? Ол қандай қасиеттерімен ерекшеленді?
2. Абай «Масғұт поэмасын қандай шығарма желісімен жазды? Оған не түрткі болды?
3. Поэмада қандай мәселе сөз болды?
4. Кейіпкердің қызыл жемісті таңдауынан қандай ой түйдіңдер? Оқушылар осы сұрақтарға жауап беріп, бағаланып отырды.

«Сөз қоржыны» әдісі арқылы төмендегі сөздермен сөз қоржынын толықтырды, діптерлеріне жазып алды.

Сабақ барысында **«Абайдың қарасөздері»** тобы поэманы композициялық құрылымына талдау жасап, мазмұнын дұрыс құрылымдаса,



2-топ «Абайдың өлеңдері» тобы **«Бес қадам»** әдісі арқылы поэмадағы басты кейіпкер Масғұтқа мінездеме беріп, іс-әрекеттерін даралап, шығарма кейіпкерлерінің қасиеттерін анықтап, салыстырмалы мінездеме беріп, мысалдар келтіре білді.

Масғұттың бойындағы жақсы, жаман қасиеттерді, ақ жеміс пен сары жемістен бас тарту, қызыл жемісті таңдаудағы себебін анықтап, шығарма кейіпкерінің іс-әрекетіне қатысты өз пікірін ортаға салды.

Оқушылармен жеке жұмыс жүргізіліп, оомадағы Масғұттың қызыл жемісті таңдаудағы артықшылығы мен кемшілігін ВЕНН диаграммасы арқылы салыстырып жазып жақсы мен жаман қасиеттерді айқындады.

«Болмасаң да ұқсап бақ» әдісі арқылы оқушылар өз шығармашылығы бойынша

-----**Абайды**
-----**талайды**

-----**жарайды**

өлең құрастырып, мәнерлеп оқып берді. Оқушылардың шығармашылыққа бейім екенін көрсете білді.

Осы поэмадан қандай ой түюге болады? М.Әуезовтің «Ескі Бағдат тонын кидіргенше, өз тұсындағы қазақтың өзіндік тіршілігінен алып, сюжетті сол болмыстан қиюластырса, шығарманың басты идеялары оқушыларына орағытып жетпей, төтелей жеткен болар еді» деген ойымен келісесің бе? Ойыңды қалай дәлелдейсің? Сұрақтары бойынша сабақты қорытындылап, **«5 саусақ» әдісі арқылы** бас бармақ-мен үшін маңызды және қызық, балан үйрек-маған түсініксіз болды, ортан терек-маған жеткілікті болмады, шылдыр шүмек-менің көңіл күйім, кішкене бөбек-менің ұсынысым бойынша белгі көрсетіп, сабақты қалай меңгергіндігін білдірді. Сабақ барысындағы тапсырмалар бойынша сұрақтарға жауап берген оқушылар дер кезінде бағаланып отырды.

Сабағыма мектептің ата-аналар комитетінің төрайымы Қ. Әбдиева, мектептің тренер ұстазы А. Усербаева, директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары М. Тұрманова, директордың ғылыми әдістемелік жөніндегі орынбасары Ф. Оспанова, директордың бейіндік ісі жөніндегі орынбасары Г. Батырмбетова, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Н. Үсенова, кәсіптік бағдарлаушы Ш. Әбдімауленова, және математика, орыс тілі, ағылшын тілі, бастауыш сынып, бірлестіктің мұғалімдері қатысып, сабағыма талдау жасап, оқушыларға рақметін айтты.

Қазіргі заман талабы – пән мұғалімдері өз білімін арттыру бойынша дамылсыз ізденіп, жаңа оқыту технологияларын пайдаланып, оқушыларға терең білім беру. Осы мақсатқа сай мектеп әкімшілігі мұғалімдердің біліктілігін арттыру үшін оларды «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» акционерлік қоғамының филиалы ТО және Шымкент қаласы бойынша кәсіби даму институты филиалының әкімшілігі бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институты

және педагогикалық шеберлік орталығында төмендегі мұғалімдер жоспар бойынша курсқа жіберіліп, біліктілігін арттырып келді.

Облыстық дарынды балаларды анықтау және қолдау орталығының 2022 жылғы 07 қазанындағы №2-2/1173 санды шығыс хаты, Шардара ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің 10.10.2022 жылғы №06/10-4/526 хатына сәйкес, Жетісай қаласындағы Жетісай Дарын мектебінің базасында «Ғылыми жобалар конкурсына, республикалық олимпиадаларға дарынды оқушыларды дайындау әдіс-тәсілдері» тақырыбында оқыту семинарына тарих пәнінің мұғалімі Е. Асылбек жіберілді, оқуға кеткен мұғалімдердің апталық жүктеме сағаттары ауысымға (заменге) өзге пән мұғалімдеріне берілді (ауыстыру үшін).

Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы акционерлік қоғамының филиалы ТО және Шымкент қаласы бойынша кәсіби даму институты филиалының әкімшілігі 26.09.2022жылғы №15-7-27-10-288 санды шығыс хатына, ШААӘДБ-нің 11.10.2022ж №06/10-4/533 санды хатына сәйкес, 10.10-21.10.2022 ж аралығында күндізгі форматта өтетін жоспарланған қысқа мерзімді біліктілікті арттыру бюджеттік курсының күндізгі форматына география пәнінің мұғалімі Г. Кенжеева жіберілді, оқуға кеткен мұғалімдердің апталық жүктеме сағаттары ауысымға (заменге) өзге пән мұғалімдеріне берілді (ауыстыру үшін).

«Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы акционерлік қоғамының филиалы ТО және Шымкент қаласы бойынша кәсіби даму институты филиалының әкімшілігі 04.10.2022жылғы №15-7-27-10-301 санды шығыс хатына, ШААӘДБ-нің 06.10.2022ж №06/10-4/506 санды хатына сәйкес, 10.10-21.10.2022 ж аралығында онлайн форматта өтетін жоспарланған қысқа мерзімді біліктілікті арттыру бюджеттік курсының күндізгі форматына Ш. Әбдімауленова оқыды.

Балаларды мейірімділікке, қайырымдылыққа, қарттарымызды қуанта отырып әлеуметтік жағдайы төмен оқушыларды кішіпейілділікке, бауырмалдылыққа баулу мақсатында 11.10.2022ж **«Көмек қолын соз», «Жүректен жүрекке»** тақырыбында 8 сынып оқушылары Айсара апа мен Әбілаш атамyzдың үйіне барып құрметін көрсетіп, үй шаруаларына жәрдемдесіп, қолғабыс жасады. Оқушыларымызға қарияларымыз ақ батасын берді.

13.10.2022ж «AMANAT» партиясы ұйымдастарған шардара аудандық филиалының азаматтық жауапкершілгі зор , интеллектуалы жоғары , рухани жан-дүниесі бай , эстетикалық талғамы дамыған, ұшқыр ойлы тұлғаны қалыптастыру, партия идеологиясынғ жүзеге асыру мақсатында «AMANAT AQYLMAN» интеллектуалды ойынында «Төрт қақпа» мектеп командасы «Үздік» ойыншылар дипломымен марапатталды.

17.10.2022ж ШААӘДБ-нің хатына сәйкес, білім беру мекемелерінің педагогтарының біліктілігін арттыру, тәжірибесін тарату және шыңдау мақсатында өткен аудандық «Өнерлі ұстаз-2022» байқауында математика пәнінің мұғалімі Г. Лесбаева 3-орынмен марапатталды.

17.10.2022ж балаларды еңбекке баулу, адалдыққа үйрету тақырыбында «Берекелі алтын күз» жәрмеңкесі өткізілді.

17.10.2022ж 12.00-де ZOOM платформасы арқылы мектептің директордың орынбасарларына арналған кеңес өтілді. Кеңеске ДАІЖО-ры О. Рашбаева мен ДОІЖО-ры Ж. Сланбекова қатысты.

ШААӘДБ-нің іс-шара жоспарына сәйкес «Отаным жүрегімде» атты өнер байқауы өткізілді. (патриоттық ән, өз шығармашылығы, жыр-шумақтар, сурет). Байқауда ән жанры бойынша халық әні «Желкілдек» әнін орындаған А. Қайырбекова бас жүлдені жеңіп алып, облысқа жолдама алды.

BilimLand платформасының педагогтар мен оқушылардың активациясы яғни берілген логин мен паролдерін белсендіру жұмысы бойынша ауданда 1 орында тұрмыз.

Мұғалімдердің жүктемесін сводын жасап (kuka0087@mail.ru) почтасына тасталды.

Біздің туып өскен жеріміз Қазақстан Республикасы. Ол көне замандардан басталған тарихы бар, аса бай ел. Қазақстан бүгінде дүниежүзінің көптеген елдерімен достық байланыс

орнатып бүкіл әлем таныған елге айналды. **25-қазан Республика күніне** орай сыныптарда сынып сағаттары өткізілді.

Сыныптарға сабақ беретін мұғалімдердің сабақтарына ену, талдау жасау, әдістемелік көмек беру жұмысы атқарылды. (Математика, қазақ тілі, Қазақстан тарихы, орыс және ағылшын тілдері) ОББ-нан және басқа құзыретті органдардан келген хаттарға жауап дер кезінде талапқа сай (күнделікті) беріліп отыр.

Сынып журналдары, оқушы дәптерлері (14. 10. 2022ж) тексеру қорытындысы жазылды.

2021-2022 оқу жылының қорытындысы бойынша мектепті бітірген түлектерінің ЖОО-на түсуі туралы ақпарат дер кезінде толтырып жіберілді.

ШААӘДБ-нің 22.10.22ж №06/10-4/630 хатына сәйкес, аз қамтамасыз етілген отбасылардан шыққан 5-11 сынып оқушылары арасында оқу үлгерімі төмен білім алушылардың білім сапасын көтеру мақсатында онлайн форматта сабақтар ұйымдастыру мақсатында осы санатқа кіретін оқушылар тізімі қосымша кестеге сәйкес білім бөлімі заңгері Б. Яхудаевқа жіберілді.

Мектептің педұжымының жалақы табелі жасалып, есептеу бөліміне (есепшіге) тапсырылды.

Мектептің Ұлттық білім беру деректер қоры ұлттық білім беру деректер қоры ақпараттық жүйесі бойынша жұмыс басталды. ҰББД бойынша жауапты маман Б. Башқараев.

Жаратылыстану-математика бағытындағы сабақтар, бағыттау компоненті блогындағы сабақтарға ену, талдау жасау, әдістемелік көмек беру жұмыстары атқарылды.

Пән мұғалімдерінің оқушылары ҰБТ-ке, ОЖСБ-ға дайындау деңгейін байқау мақсатында қосымша (дайындық) сабақтарға ену жұмысы жүргізілді.

ОББ-дан, ШААӘДБ-мі мен аудандық әкімшіліктен келген хаттарға дер кезінде жауап берілді.

Жас мамандарға электронды журналмен жұмыс жүргізу, оқушыны бағалау, пәнді меңгерту, жаңартылған білім беру мазмұны бойынша сабақ өту жайлы кеңес және нұсқау берілді.

Электронды поштамен және арнайы (шұғыл) келген хаттар, әдістемелік хаттар – (бұйрықтар)ға жауап дер кезінде оқылып, зерделеніп, талдау жасалып жауап берілді. Берілген нұсқаулар мен тиісті тұлғалар таныстырылды.

ШААӘДБ-нің 26.10.2022ж №06/10-4/631 хатына сәйкес 2022-2023 оқу жылының пәндер бойынша І тоқсандық үлгерімінің сынып және пәндер бойынша қорытындысы, жеке үйде оқитын оқушылардың мәліметі, оқушылардың білім сапасының талдауы, білім саласындағы олқылықтарды жою бойынша мектептің және педагогтардың жұмыс жоспарына сәйкес атқарылған жұмыстардың мәліметін (zhuman78@mail.ru) почтасына 31.10.22ж жіберілді.

«Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы акционерлік қоғамының филиалы ТО және Шымкент қаласы бойынша кәсіби даму институты филиалының әкімшілігі, 11.10.2022ж №15-7-27-10-316 санды хатына сәйкес, 26.10-04.11.2022 ж аралығында күндізгі форматта өтетін жоспарланған қысқа мерзімді біліктілікті арттыру бюджеттік курсының күндізгі форматына информатика пәнінің мұғалімі А. Пердебаева, тарих пәнінің мұғалімі Е. Асылбек, орыс тілі пәнінің мұғалімі Г. Әділ жіберілді.

ҚАРАША

01.11.2022ж Б. Башқараев, М. Құралбай, Ж. Сланбекова ҰББД бойынша мұғалімдердің, бітіріп кеткен оқушылардың жұмыспен қамтылуы жайлы қосымша мәліметтері жасалды. (категориясы, сағат саны, магистратура)

02.11.2022ж II тоқсандағы сабақ кестесі жасалып, бекітілді.

03.11.2022ж мектептің оқу –тәрбие жоспарына сәйкес, оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту, теориялық білімі мен тәжірибелік шеберлігін тереңдету, жеке тұлғаның өзін-өзі дамытуына ықпал ету, дарынды балаларды анықтау, аймақтық олимпиадаға баратын оқушыларды іріктеу және даярлау, мектептегі білім берудің беделін көтеру мақсатында қазақ тілі, орыс тілі, ағылшын тілі, математика, физика, химия, биология, география, тарих, информатика пәндерінен 5-11 сыныптар арасында мектепішілік олимпиада өткізілді. Олимпиада тапсырмаларын дайындап, оқушыларды ұйымдастыру әдістемелік бірлестік жетекшілеріне жүктелді. Олимпиада екі кезеңнен өткізілді. Екі кезеңнің қорытындысы бойынша әр пән бойынша I орын иеленген оқушылар аймақтық кезеңге жолдама алды. Аймақтық кезеңге ұсынылған оқушылармен дайындық жұмыстары пән мұғалімдеріне жүктелді.

04.11.2022ж кезекті педагогикалық кеңес өткізілді. Педагогикалық кеңестің жалпы жұмыс жоспары негізінде жасалды, көкейкесті мәселелер қамтылды. Кеңесте әкімшіліктің есебі тыңдалды, мұғалімдердің баяндамалары, ұжымның пед мәселелер бойынша жүргізген жұмыс қорытындылары т.б талқыланды. 2022-2023 оқу жылының I тоқсанында оқу-тәрбие саласы бойынша атқарылған жұмыстарының есебі, оқушылардың оқу-үлгерімінің қорытындысы, келген кеткен оқушылар мәліметі, оқушыларды пән олимпиадалары, түрлі деңгейдегі байқау, сайыс, конкурстарға, ғылыми жоба қорғау жұмысына дайындау барысы, ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылардың 2022-2023 оқу жылы бойынша таным аймағының даму динамикасына және таным процестерін диагностикалау қорытындысына талдау жасады. Жеке балаларға жасалған зерделеулер қорытындысы мен ұсыныстары таныстырылды.

Тәрбие жұмысының жылдық жоспарына сәйкес білім алушылардың жас ерекшеліктеріне орай жұмыстар жүргізілуде. Жаңадан 64 оқушы қабылданды. Жаңадан қабылданғандар арасында бейімделуі барысында жалпы ата-аналар жиналыстары, білім

алушылар жиналысы өткізіліп, барлық класс бойынша мектептің ержелерімен таныстырылып, міндеттері туралы нақты айтылды. Күн сайын сынып жетекшілер ата-аналармен, білім алушылармен тығыз байланысып, апта сайын мектеп әкімшілігіне тәртіптері туралы баяндап отырды. Мектеп әкімшілігімен, психологпен, ұстаздар, ата-аналар арасындағы тығыз байланыс, жаңадан қабылданған білім алушылардың ортаға төселуіне көп ықпалын тигізді.

07.11.22ж «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Абайды оқы, таңырқа» атты мәнерлеп оқу іс-шарасы өткізілді. Ұлы ақынның шығармаларын оқыту арқылы білімділікке, ұшқырлыққа тәрбиелеу мақсатында өтілді.

11.11.22ж «Менің болашақ мамандығым» тақырыбында бітіруші сыныптар арасында дөңгелек үстел өткізілді. Дөңгелек үстел мамандық таңдауда жауапкершілікті қалыптастыру, өз-өзін тану аймағын кеңейту, мамандықтар жөнінде мәліметтермен бөлісу, еңбек нарығында енді ғана пайда болған мамандықтар жөнінде мағлұмат беру мақсатында өтілді. Дөңгелек үстелде түлектер мамандық таңдаудағы ой пікірлерін ашық айтып, таңдау өте үлкен жауапкершілікті іс екендігіне көз жеткізді. Мамандық таңдау рухани құндылықтарға араласуға, мінезінің қалыптасуына әсер ететіндігін түсінді. Түлектер белсенділікпен қатысып бір біріне деген ыстық лебізерін білдірді.



15.11.22ж «Қыздарға әсемдік жарасады» демекші қыз балалар тәрбиесін, қыз баланы әдеміліктің, әдептіліктің, жан – жақты сұлулықтың жаршысы екенін сөз етпекпіз. Біздің халқымызда қыз деген сөздің өзі әдеміліктің, жан – жақты сұлулықтың символы ретінде қолданылады. «Қыз – елдің көркі, гүл – жердің көркі» деген де мақал бар. Осының бәрі де қыз баланың сүйкімділігінен, нәзіктілігінен, әр іске талапты да алғырлығынан, өнер – білімге бейім тұратын сергектігінен шыққан сөздер болса керек. Халқымыз қыз баланы ардақтап ұстайды, оған қатты сөз айтпай, мәпелеп өсірді. Осы мақсатта **«Қыз-қылығымен көрікті»** атты аймақтық іс-шара өтілді. Аудан әкімі жанындағы кәмелетке толмағандар ісі бойынша комиссияның мүшесі, аудандық ата-аналар кеңесінің төрайымы Айдарова жаңылай Зияшқызы, аудандық ардагерлер кеңесі жанындағы әжелер алқасының төрайымы Исаева гульзакира Дауланқызы, ШААӘДБ-нің әдіскері Шамеева Гаухар Қарасайқызы, мектептің ата-аналар

комитетінің төрайымы Абдиева Қырмызай Қойшыбайқызы және аймақтық мектептерден қонақтарымыз келіп қатысты.



16.11.22ж Ыстық тамақты ұйымдастыруды бақылауға алынып, талапқа сай, сай еместігін тексердік.

21.11.22ж 11 сынып ата-аналарына «ҰБТ-білім сынағы» тақырыбында жиналыс өтілді. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша оқушылардың 1 және 2-ші болжау тестін салыстырмалы түрде түсіндірдім. ҰБТ тапсыру ережесі тураплы мағлұмат бердім. Түлектер үшін тыйым салынған заттар туралы талап қатандатылып, егер бұған дейін абитуриенттен тыйым салынған зат табылса, ол тестілеуге қатыса беретін, ал 2020 жылдың қаңтарынан бастап оқушы емтиханға кіргізілмейді. Ал, ҰБТ тапсырып жатқан кезде тыйым салынған затпен ұсталса тестілеу нәжіжесі жойылатыны жайлы ескерттім.



Психолог Б. Өрісбаева Адамға ешқашан өзін - өзі тастап жіберуге болмайды. Сүрінсең, қайта тұруға қақың бар. Қазіргі дайындық тестінен алып жүрген ұпайың төмен болса, өмірден түңілудің еш қажеті жоқ. Өмір бір орнында тоқтап қалмайды. Жалғаса береді. Бақ шаба ма, бап шаба ма? Қазақ «таудай талап бергенше, бармақтай бақ берсін» деп те бекер айтпаған. Енді дайындығымды пысықтауға кеш деп қолыңызды сермеменіз. Аз уақыттың өзінде тыңғылықты дайындалсаңыз, талай ақпаратты қабылдап, есте сақтап қалуға мүмкіндігіңіз бар. Өзге дүниелерді аз уақыт ішінде естен шығарып, ұмытуға тырысыңыз-деп түсіндіру жұмыстарын жүргізді.

22.11.22-02.12.22ж аралығында бастауыш сыныптардың «Жаңаша оқыту – жетістік

көзі » атты апталықтың жоспары бекітіліп 3 сыныптардың жетекшілігімен , «Жаңаша оқыту – жетістік көзі» тақырыбында ашылу салтанаты жүргізілді. Шара 3 бөлімнен тұрды. 3^а сыныбы «Пәндер сөйлейді» бөлімінде әр пәнге өлең шумақтарымен керемет түсінік беріп өтсе, 3^ә сынып оқушыларынан құралған топ «Мен қазақпын» әні шырқады. 3^ә сымбаты келіскен қыздар биледі. Оқушылар өздерінің өнерлерін ортаға салып, жырдан жыр-шумақтарын төкті.

28.11.22ж Қараша айында келген-кеткен оқушылар санын, қозғалысты ШААӘДб-не дер кезінде толтырып жіберілді.

Информатика пәнінің мұғалімі А. Пердебаева жас мамандар арасында коучинг сабағын ұйымдастырды. Сабақта ең алдымен жағымды ахуал тудырып топқа бөліп алды. Интернет желісі арқылы бағалау парақтарын тарқатып сабақта оқушылар өздерін бағалауға арналған тиімді әдісті ұсынды. Жаңа тақырыпты меңгертуде қолданылатын әдісті «Көңілді қалпақ», «Квест» ойыны әдістерді пайдаланды. Сергіту сәті «Жеңіл шеңбер» әдісімен ұстаздар мен ауызбіршілікті бірлесіп жұмыс істеуге үйретеін әдісті қолданды. «Сабақ соңында қортыныдылау үшін «Әуе шарын ұшыру» әдісін қолданды. Сабақ соңында Padlet тақтасы мен рефлексия алды. Жас мамандардың сабақтан алған әсерлері керемет екенін, келешекте осы әдіс-тәсілдерді үйреніп, сабақтарында қолдануға болатындығын жеткізді.



29.11.22ж Білім беруді дамыту орталығының 2022 жылғы жоспарына сәйкес, басшы кадрларға резерв дайындау мақсатында 29 қараша күні сағат 10.00-де Шымкент қаласы М. Тасова атындағы үш тілде оқытатын мамандандырылған №12 мектеп-интернаты базасында «Басшы лауазымына үміткер кандидаттың кәсіби күзіреттілігін дамыту» лауазымына тағайындау туралы ҚР БжҒМ 21.02.2012жылғы №57 бұйрығы аясында штаттық режимдегі оқыту семинарына барып, тәжірибе алмасып қайттық.

30.11.22ж Шардара ауданы Bilimland цифрлық эко жүйесіндегі Online мектеп платформасын жүйелі жүргізу жұмыстары тақырыбында ZOOM арқылы онлайн семинарға қатысып, сол бойынша мектеп мұғалімдеріне семинар сабақ өттім.

30.11.22ж Бастауыш апталықтың жоспарына сәйкес МАДТ тобының тәрбиешісі Н. Жаукимова Ашық сабақ барысында «Шаттық шеңберін» орнатып, тәрбиеленушілерге «Жұптық, Топтық» жұмыстар орындатып, «Балық аулау», «Мозайка» әдістерін пайдалана отырып, сабақты түрлендіріп өтті.

30.11.22ж Бейіналды 10-11, 5-9 сыныптардағы вариатив бөліміндегі элективті курстар туралы мәлімет ШААӘДб-не дер кезінде толтырып жіберілді.

01.12.2022ж ҰБТ-ке және ББЖМ-ға дайындық жұмыстарының (тесттерінің) мониторингін шығарып арнайы папкасына салынды.

Оқушыларды пән олимпиадасына дайындық жұмыстарының жүргізілуі туралы ДОІЖО-ры Ж. Сланбекова Қазақстанды әлемдік деңгейде таныту үшін білім жүйесі бәсекеге қабілетті жоғары деңгейде болуы қажет. Оқу үрдісі уақыт талабымен қаншама өзгермесін, бәрібір тек ұстаз ғана оның мазмұнын оқушы санасына жеткізеді. Шәкіртті оқу үрдісінде мұғаліммен бірдей суббект ретінде танып, дара тұлға ретінде қабылдап, шығармашылық жұмысқа бағыттау, дарынды балалардың қабілеттерін дамытуға қолайлы жағдай туғызу- әр ұстаздың міндеті.

Қазіргі кезде балалар дарындылығын арттыру үшін көптеген жұмыстар істелінуде. Солардың ішінде дарынды оқушылар арасында ғылыми пәндер бойынша өткізілетін пәндік олимпиадалардың орны ерекше. Пәндік олимпиадалар- оқушылардың білім деңгейін тексерудің бұқаралық сипаттағы жарыс түрінде өткізілетін бірден-бір формасы.

Олимпиада резервтерін дайындауда ең алдымен оқушының пәнге қабілетін анықтап, төменгі сыныптан бастап дайындаған тиімді нәтиже береді. Дайындық жұмыстары жүйелі түрде, оқушының жас ерекшелігіне сай біртіндеп күрделендіріліп отыруы керектігін айтып өттім пән мұғалімдеріне.

ДАІЖО-ры О. Рашбаева **BilimLand ЭЖ** бойынша семинар сабақ өткізді. Жалпы пәндерден сабақ беру кезінде видеосабақтарды және тапсырмаларды жиі пайдалануға, уақытты үнемдеу және ақпараттарды қысқа уақытта түсінік беруге өте пайдалы, сонымен қатар оқушыларға қосымша тапсырмалар беруге, мұғалімнің сабаққа дайындалуға үлкен көмек болатындығы туралы түсіндіру жұмыстарын жүргізді. Ағылшын тілін енді үйреніп жүргендіктен, сабақ кезінде қолданатын видеосабақтар және терминдер оқушыларға да, өзіме де есте сақтап қайталауға көмегін тигізіп жатқандығын тілге тиек етті.

02.12.2022ж Шардара аудандық адами әлеуетті дамыту бөлімінің қолдауымен «**BilimLand**» онлайн-платформасының маңыздылығы ZOOM платформасы арқылы талқыланды. Еліміздегі электронды оқыту нарығының бүгіні мен болашағы жайында жаңадан енгізілген «**BilimLand**» электронды журналының ерекшеліктері мен педагог мамандарын толғандырған мәселелер талқыланды. Өз кезегінде ұстаздар тарапынан платформаға қатысты ұсыныс-тілектер ашық жеткізіліп, көкейдегі сұрақтарға жауап алды.

02.12.22ж «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында оқушылардың көркем әдебиеттерге деген қызығушылығын арттыру, оқырмандарды машқтандыру, тәрбиелеу, кітаптарға қызықтыра білуге үйрету, ұлттық тәрбиеге баулу мақсатында **«20минут кітап оқы, 3 минут эссе жаз»** тақырыбында көркем әдебиет оқып эссе жазды. 5 сынып оқушылары қатысып, Батырлар жырын, **«Қозы Көрпеш-Баян сұлу»**, **«Қыз Жібек»** дастандарын оқып, шығармалардан эссе жазды.

Қайран, қазақтың дара болмысы Алаштың небір мықтыларымен дараланып, жоталанып тұрған екен-ау! «Өз басым өзге елге сапарға шығып, өзге жұрттың табалдырығын аттай қалсам, әрқашан қасиет тұтып, өзіммен бірге ала жүретін екі түрлі ұлттық асыл кітабым бар: бірі «Манас», бірі «Мұхтар Әуезов» деген екен қырғыз жазушысы Ш.Айтматов.

Қазақ әдебиетінің әлемдік деңгейде танылуына өлшеусіз үлес қосқан ұлы жазушы, қалың қазаққа Абайды танытқан талантты жазушы Мұхтар Әуезовтің биыл 125 жылдығы. Аталған мерейтойлық шара еліміздің түкпір-түкпірінде кеңінен аталып өтілуде. Мұхтар Әуезовтің өмір жолын дәріптеп, оқушыларға ұлылардың ғұмырынан үлгі алуға, олардың шығармашылық танымдарын толықтыру мақсатында **«Дәуірдің дара тұлғасы»** тақырыбында қазақ тілі мен әдебиеті бірлестігінің мүшелері әдеби кеш өткізді. **Биыл заманымыздың заңғар жазушысы, қазақ әдебиеті мен мәдениетінің ХХ ғасырдағы биік шыңына айналған Мұхтар Әуезовтің туғанына 125 жыл толды. Осыған орай жазушының артында қалған ұлан-ғайыр мұрасын зерделеп, шығармаларын насихаттау, төл әдебиетіміздің бағалы қазынасы.** Оның Абай туралы жазған эпопеясы мен асқан шеберлікпен жазылған шағын әңгімелері, повестері **ХХ** ғасырдағы қазақ әдебиетінің және әлем әдебиетінің алтын қорына мәңгілік **енді. М. Әуезовтің халық даналығынан нәр алған, өмір өзенінің тұнығынан суарылған тағылымы мол, тартымды шығармалары қайталап оқыған сайын рухани дүниемізді байытып, баға жетпес жан азығы бола бермек.**

Жазушының өмір жолына шағын шолу жасап, оның түрлі әңгімелерінен сахналық қойылымдар қойылды. Оқушылар мен мұғалімдер «Бала Мұхтардың Абаймен кездесуі» қойылымын, «Қарагөз», «Жетім» әңгімелерін соншалықты шынайылықпен сахналады. Ұстаздар қауымы Абай әндерін нақышына келтіре орындаса, оқушылар дөңгелене би билеп, көрерменге көтеріңкі көңіл-күй сыйлап, дайын театр актерлерін көргендей болдық. Шынайы, әсерлі болғаны сонша – көзімізге жас алғанымыз да жасырын емес.



BilimLand ЭЖ сабақ кестесінің қойылуын бақылау

Өткен тарихымыздағы халқымыздың кешкен қиындықтары мен бейбіт күн үшін күрескен ерліктері мен еңбектерін бүгінгі ұрпаққа жеткізуде, олардың саналы азамат болып өсуіне үлес қосуда ұстаздардың еңбегі зор. Оның бір дәлелі желтоқсан айының 05-12 күндері аралығында география және тарих пәндері бірлестігі мұғалімдері **«Тарих – өткенге сабақ, келешекке – өнеге...»** атты тақырыбында апталығы өтті.

05.12.22ж «Тәуелсіздік азаттығым, бақ күнім» тақырыбында тарих апталығының ашылу салтанаты өтті. Апталық ашылуында жиын өткізіліп, тарихи көрініс көрсетіліп, оқушылармен ұстаздарға апталық жоспары таныстырылды. Қазақстан Республикасының тәуелсіздік жолында көрген қиян – кескіндерді оқушылар өлеңдер және қара сөздер оқу арқылы жеткізді. Апталықтың ашылу барысында тарих ӘБ мүшелері **«Тәуелсіздік жетістіктері»** тақырыбында көрме ұйымдастырылды.

Пәндік апталық-оқушыларға ел тарихын танып-білуде тарихи тұлғалардың қоғамдағы қызметтерінен үлгі алу, өзіндік ой-пікір қалыптастыру мақсатында жоспарланды.

06.12.2022ж Жалақы табелін дайындау

Тарих пәнінің мұғалімі Б. Қалмұратовтың **«XXғ II жартысындағы білім беру жүйесінің дамуы»** тақырыбындағы ашық сабағына ендім. **«Өзін-өзі тексеру»** әдісі арқылы өткен білімді еске түсірді. Өз ойларын ортаға салып, жаңа тақырыпқа көшті. **«Миға шабуыл»** әдісі арқылы суреттер арқылы жаңа тақырыптың мағынасын ашып, оқушыларды екі топқа бөлді. **«Еркін микрофон»** әдісі арқылы мәтінмен жұмыс жүргізіп, идеясын анықтады. Жоспарда дискриптор, ҚБ жазылмаған, картамен жұмыс жүргізілмеді. **«Бекіту»** сұрақтары арқылы ойларын қорытындылады. Интерактивті тақтамен тапсырмалар орындады. Жаңа технологиялық әдістер пайдаланылды. Әріптестері тарапынан өткізген ашық сабағы жоғары бағаланды.



07.12.2022ж Орыс тілі бірлестігінің дәптерлерін тексеру

07.12.22ж тарих пәнінің мұғалімі Е. Асылбек «Халықаралық байланыстардың дамуындағы Ұлы Жібек жолының рөлі» тақырыбында 6в сыныбында ашық сабақ өтті. Оқушыларды үш топқа бөліп, Үй тапсырмасын «**Миға шабуыл**» әдісі арқылы өткен білімді еске түсірді. Оқушылар өз ойларын ортаға салып, жауаптары арқылы жаңа тақырыпқа көшті. Психологиялық жағымды ахуал орнату мақсатында «Мен жақсымын» әдісі арқылы оқушылар ақ парақтың бір бөлігіне өздерінің жақсы қасиетін екінші бөлігіне жаман қасиеттерін жазып сол бөлікті жойып жақсы жақтарымен жаңа сабаққа назар аударды. *Жаңа тақырыпты болжау үшін тарихи суреттерді қолдана отырып, «мозайка» құрастырып, 4 топтағы оқушыларға суреттер қиындылары таратылып суретті құрастыру арқылы оқушылар жаңа сабақтың тақырыбы туралы өз болжамдарын айтады.* Сурет қиындыларын құрастырып суреттен негізгі идеяны анықтап, құрастырылған суреттер бойынша бүгінгі жаңа сабақтың тақырыбы туралы өз болжамдарын жасады. «**Ұлы Жібек жолы**» оқулықтағы мәтінмен жұмыс жасады. Жібектің пайда болуы және таралуы туралы ақпараттардың негізінде Ұлы Жібек жолының халықаралық байланыстарға ықпалы туралы қандай болжам жасауға болатыны жайлы **постер** қорғады. Сабақты «**Бес сұрақ**» әдісі арқылы қорытындылап, «**Аяқталмаған сөйлемдер**» әдісі арқылы тақырып бойынша не білетінін, не білгісі келетінін, не білгенін жазды.



7-ші желтоқсан күні 8^ә сыныбында «**Көлдер мен мұздықтар**» тақырыбында география пәнінің мұғалімі Г. Кенжаева ашық сабақ өтті. Оқушыларды «**Көлдер**», «**Мұздықтар**», деп екі топқа бөлді. «**Beer**» әдісі арқылы алдыңғы сабақ пысықтады. Бейнеролик көрсету арқылы сабақтың мақсатын ашып, «**Әуе шар**» әдісі арқылы көлдерді су теңгерімі, химиялық құрамы, қоректену типі бойынша жіктеп, климат пен көлдегі су деңгейін, табиғаттың рөлін анықтап, топпен жұмысты орындады. «**Менен сұрақ, сізден жауап**» әдісі арқылы сабақты қорытындылап бекітті. Оқушылар сабаққа түгел қатысты, барлығы бағаланды. Сабақта оқушылар топпен жұмыс жасады, жаңа тақырыпты деңгейлік тапсырмаларды орындау барысында білімдерін толықтырды және өз ойларын ортаға салып, өз пікірлерін қорғады. Қалыптастырушы тапсырмаларды жұппен орындады. Соңынан қатысқан пән мұғалімдері тиімді және тиімсіз жақтарын айтып, қорытынды жасады.



«**Алтын белгі**» туралы мәлімет тиісті маманға жіберілді.

Оқушылардың бойында Қазақстанның өткені мен бүгінгі өмірін салыстыра отырып, өз еліміздің даму тарихы туралы танымдарын қалыптастыру, ұлттық сана сезімін, саяси сауаттылығын ояту, Қазақстанның болашақ дамуына өзіндік үлес қосатын жеке тұлға екендерін ұғындыру, оқушы бойында саналы тәртіп, сапалы білім алуға дұрыс көзқарас қалыптастыру, қоғамның бір мүшесі ретінде адам өмірі мен жақсы тұрмыстық құндылықтарын ұғындыру, жауапкершілік сезімдерін ояту мақсатында

«**Тәуелсіздік кеше, бүгін, ертең**» тақырыбында 9 сыныптармен Г. Сайман дөңгелек үстел өтті.



08.12.2022ж Тарих бірлестігінің ашық сабақтарына ену;

8-ші желтоқсан күні 6^а сыныбында «**Қара індет не себепті жылдам таралды?**» тақырыбында тарих пәнінің мұғалімі Г. Абубакирова ашық сабақ өтті. Оқушыларды сабаққа кіру билеті арқылы «Еуропа», «Франция», «Англия» деп үш топқа бөлді. «**Миға шабуыл**» әдісі арқылы үй-тапсырмасын сұрады. Тақырып бойынша суреттер көрсетіп, **мақал-мәтел айту**, «**Болжау**» әдісі арқылы сабақтың мақсатын ашты. Бейнеролик көрсетіп, «**Оқиға картасы**» әдісі бойынша оқушылар топтық жұмыс жасады. Үш топқа тапсырмалар беріліп, қара індеттің Еуропаға тигізген әсері, оба ауруының өршіген уақытын, адам шығыны туралы дәлел келтіреді. «**Ойлан, жұптас, бөліс**» берілген мәліметтің ақиқат не жалған екенін анықтайды. Жеке жұмыс, картамен жұмыс жүргізді. «**Бекіту**» сұрақтары арқылы сабақты қорытындылады. «**Шығу**» билеті арқылы тақырып бойынша не білгісі, не білгенін жазды. Оқушылар еркін, сабақ мақсатына жетті.



Компьютер кабинетінде қосымша сабақтарды өткізу

09.12.2022ж Мұғалімдердің өзара сабаққа ену жоспарының орындалуын бақылау жасалды.

9-шы желтоқсан күні 11^ә сыныбында «**ҚР көші-қон саясаты**» тақырыбында тарих пәнінің мұғалімі Б. Салманов ашық сабақ өтті. Сыныпқа психологиялық ахуал орнатып, «**Сәлем-сөздің анасы**» оқушылар бір-бірімен сәлемдесіп, «**Атамекен**» әнін орындап, керемет көңіл-күймен сабақты бастады.

Оқушыларды «**Дияспора**», «**Құрылтай**», «**Қандастар**» деп үш топқа бөлді. Сабақты қорытындылау мақсатында бейнеролик көрсетілді. Көші-қон саясатының ерекшелігін, қандастарымыздың, қазақ халқының өмірі мен тұрмысын анықтады. «**Ыстық орындық**» әдісі бойынша оқушыларға сұрақтар берді. Кіріктірілген сабақ Б. Мусабеков пен М.Мауленова сөз алып өз пікірлерін ортаға салды. Оқушылар бір-бірін бағалады бірінші тапсырмада, ҚМЖ 472 бұйрықпен жазылмаған, уақытты үнемдей алмады. Жоспардан тыс тапсырмалар орындатты.




«Тәуелсіз елімнің жетістіктері» тақырыбында ауданның атакты спортшылармен кездесу өтті.



9-шы желтоқсан күні 5^б сыныбында «Сақтар туралы тарихи мәліметтер» тақырыбында тарих пәнінің мұғалімі А. Құлмаханова ашық сабақ өтті. Ұйымдастыруда оқушылардың назарын сабаққа шоғырландырып, оқушыларды суреттер арқылы 1-топ Парадарая, 2-топ Тиграхауда, 3-топ Хаумварга үш топқа бөлді.

Үй тапсырмасын: «**Ыстық картоп**» әдісі арқылы пысықтап, оқушылар берілген сұрақтарға жауап берді. «**Болжау**» стратегиясы Суреттегі әйел адаммен шеңбердегі тарихшылардың бір-біріне қандай қатысы бар екендіктерін және бүгінгі тақырыптың



қандай болатынын болжады.

«Сақтар туралы мәліметтер» тақырыбындағы бейне материалды тамашалады.

Оқушылардың өздігінен білім алып жаңа тақырыпты меңгеріп белсенділігін арттыру, белсенділігін, пәнге құштарлығын, сыни ойлау қабілетін және ізденімпаздығын, «жасырынып» жатқан қабілеттерін ашуға көмектеседі, өзіне деген сенімділік пайда болу мақсатында **топтық жұмыс: «Домино ойыны»** арқылы «жасырынып» жатқан сұрақтарға жауапты дұрыс орналастыру керек. Картамен жұмыс, жұптық жұмыс орындатты. Сақ тайпаларының орналасуын көрсетті картадан. «**Мұражайға саяхат**» әдісі арқылы әр оқушы өзіне ұнаған суретті алып, ол бойынша мәліметтер береді және суреттерді мұражайға орналастырды. «**Идеялар себеті**» өтілген тақырып бойынша білетін мәліметтерін төменде көрсетілген жәшіктерге жазып салды.

Жалпы сабақ барысында оқушылар бір-бірін тыңдамады. Тыңдалым болмады. Сабақтың көрнекілігі, картамен, суреттермен жұмыс жүргізілді. Оқушы да мұғалім де баяу.



9-шы желтоқсан күні 7^с сыныбында «Дүниежүзілік мұхит құрамдас бөліктері» тақырыбында география пәнінің мұғалімі Б. Мусабеков ашық сабақ өтті. Оқушыларды топқа бөліп, топ басшыларын сайлап, «Аквариум» әдісі арқылы үй-тапсырмасын пысықтады. Бейнеролик көрсету арқылы тақырыпқа шолу жасады, кескін картадан тапсырмалар орындатып, алған мәліметтерді саралап, әр оқушы картадан көрсетіп отырды. «Теңіз шайқасы» әдісі арқылы оқушыларға сұрақтар дайындатып, мұхиттың ерекше жағдайын баяндады. Мұхиттың экологиясы арқылы тақтада алған білімдері жайлы постер қорғап, «Микрофон» сауалнамасы арқылы сабақтан алған білімдерін саралап, топтық бағалау жүргізді.



Жалпы сабақ өз дәрежесінде өтті, оқушылар белсенді, су ресурстарының маңыздылығынөзен мен көлдерге оқушылар, Дүниежүзілік мұхиттың географиялық жағдайын, құрамдас бөліктерін сипаттап, сабақ өз мақсатына жетті. Сабаққа енген әріптестері жақсы деп бағалады.


09.12.22ж Шардара ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің жоспарына сәйкес, оқу-әдістемелік жұмыстарды ұйымдастыруда ауданда «Білім беру процесіне ақпараттық технологияларды енгізу негізінде оқыту әдістемесін жетілдіру жолдары» тақырыбында М.Горький атындағы жалпы орта мектебінде 2022 жылдың желтоқсан айының 9-ы күні оқыту семинары өтілді. Оқыту семинары бастауыш сынып және шағын жинақты мектеп мұғалімдерімен өткізілді. Әдістемелік оқыту **семинарының мақсаты** білім беру үрдісін ақпараттандыру - жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы дамыта оқытып, оқу-тәрбие процесін жеделдету және жеңілдету, оқушыларға, ұстаздарға жүктемені азайту. Ең бастысы-білім беру сапасын арттыру, яғни жеке тұлғаны қалыптастыруға негізделген, ақпаратты технологияны терең меңгерген, жылдам өзгеріп жататын бүгінгі заманға лайықты, жаңашыл тұлғаны қалыптастыру. Әдістемелік оқыту семинар барысында аудандық білім бөлімінің әдіскері Гүлжан Илесова және №12 жалпы орта мектебінің пән мұғалімі Гульнур Сайман «Заманауи технологияларды пайдалану» тақырыбында **BilimLand, Onlinemektep** электронды журналды талапқа сай жүргізу мен толтыру, БЖБ, ТЖБ жүргізуде журналды қалай дұрыс толтыруға болатыны туралы атап өтті.

- **Onlinemektep** электронды журналында тоқсандық бағаларды қоюдың негізгі ережелері туралы кеңес берілді.

- **Onlinemektep** электронды журналында сабаққа қатыспаған оқушыларды қалай белгілеуге болады. Мерекелік күндердің қалай рәсімдеуге болады.

BilimLand платформасы мұғалімдер үшін оқу үдерісін ұйымдастыру барысында да, сабақтан тыс іс-шараларда өткізу кезінде де аса тиімді, мектепте сабақ өтуде заманауи технологияларды тиімді пайдалану, мұғалімнің жұмысын жеңілдетіп қана қоймай, оқушылардың пәнге қызығушылығын оятады және шығармашылық қабілетін дамытады.

Әдістемелік семинарда білім беретін ұйымдарында цифрландыру бүгінгі білім берудегі жаңа негізгі бағыты **BilimLand** платформасының цифрлық білім беру ресурстарының ерекшеліктерімен таныстырылды. Оқыту семинар барысында **Onlinemektep** электронды журнал бойынша атқарылған жұмыстар мен күтілетін нәтижеге бағытталған жұмыстар туралы әдістемелік ұсыныстар айтылды.



09.12.22ж «Тәуелсіздік тұғыры биікте» тақырыбында 3-5 сынып аралығында жас ақындар мүшайрасы өткізілді. Белсенді қатысқан жас ақындар жұлделі орындармен марпатталды.

12.12.22ж «Тәуелсіздік азаттығым, бақ күнім» тақырыбында тарих апталығының жабылу салтанаты өтті. Апталық барысында мектеп оқушылары Тәуелсіз Қазақстанның тарихынан білімдерін толықтырып, жан-жақты мәліметтерге талқылау жасады. Ел болашағы бүгінгі -жастар деген тұңғыш Елбасы сөзін ұстанған оқушылар Қазақстанның болашағы зор, әрі әлем деңгейінде көк туымыздың көрінетіндігіне сенетіндіктерін, сондай-ақ осы белеске жетуде болашақ жастардың үлесінің мол екенін айтып өтті.

Қорытындылай келе, Апталық аясында ашық сабақтар, сыныптан тыс пәндік сайыстар ұйымдастырылды. Оқушылардың тарихи танымын, пәнге деген қызығушылығы мен білімдерін арттыру мақсатында өткен ашық сабақтар ерекше жаңашылдықпен, үлкен талпыныспен өткізіліп, оң бағасын алды. Пән мұғалімдерінің ізденісі тек ашық сабақтармен ғана шектелмей, сыныптан тыс шаралар да үлкен дәрежеде өткізілді. Белсене қатысқан оқушыларға естелікке сыйлықтар беріліп марапатталды.

Апталықта барлық сабақтар жоғарғы әдістемелік дайындықпен өткізілді. Бүгінгі күн – ертең тарих. Сондықтан да тағылымы мол тарихты тереңнен қазған апталықтың оқушыларға берер өнегесі мен тәрбиесі мол болды.

13.12.22ж «Тәуелсіз елдің ұланы» тақырыбында ба,в сыныптар арасында тәуелсіздіктің 31 жылдығына орай желтоқсан құрбандарын еске алу өнеге сағаты А. Жорабекова, Ж. Сланбекова, К. Бурибекова, Г. Абубакированың жетекшілігімен өтілді. Ондағы мақсатымыз: оқушыларға Тәуелсіздіктің кімдердің қанымен, қандай ауыртпалықпен келгендігі жайлы айтып, ұлттық сезім, ұлттық мақтаныш, ұлттық сана, парызды әрбір қазақ баласының бойына дарыту. Иә, желтоқсан оқиғасын еске алғанда әуелі, сөз жоқ, желкілдеп өсіп келе жатқан ағаларымыз бен апаларымыздың тағдырын жапырып, өктемдік пен үстемдіктің табанының астына тастаған қайғылы да қаралы күн еріксіз еске түседі. 1986 жылдың желтоқсаны қазақ үшін қасіреттің соңы, бақыттың басы еді. Қазақ халқын дүниежүзіне танытқан бұл оқиғаның алғашқы құрбандары Қ.Рысқұлбеков, Л.Асанова, С.Мұхаммеджанова, Е.Спатаевтарды еске алып, оларға тағзым ету парызымыз. Оқушылар осы аға-апаларын еске алып, бір минут үнсіздік жариялады. Олардың көрсеткен ерлігі туралы сөз етті. Сондай-ақ оқушыларымыз тарихқа көз жүгіртіп, қолымызда Тәуелсіздігіміздің көк туы, елтаңбамыз, төл теңгеміз, дініміз, халықтың басын біріктірген киелі шаңырағымыздың бар екендігін, бұның барлығы ата-бабаларымыздың ат үстінде алты малтаны ас етіп, мың өліп, мың тірілген, қылышын қанша ғасыр қанға малып жеткен мұраты - Тәуелсіздік екенін бүгінгі тәрбие сағатта әңгіме етті.



15.12.22ж 5-ші сыныптар арасында Республикалық біріңғай «Жас Ұлан» балалары мен жасөспірімдер ұйымы қатарына қабылдау салтанатты жиыны өткізілді. Өскелең жас ұрпақтың бойында патриоттық білім мен өзін-өзі жетілдіруге деген құштарлық, беріктік, Отан тарихына, Тәуелсіз Қазақстанның болашағына деген жауапкершілікке тәрбиелеу. Ант қабылдау рәсімі акт залында мектеп әкімшілігі мен өзін-өзі басқару мектепішілік ұйымының қатысуымен өтті.

Жасөспірімдер арасындағы қылмыстың алдын алу мақсатында түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу, жол ережелерін сақтау, әлімжеттік жайында түсініктеме беріліп, буллинг жағдайы орын алса қалай көмек беретіні жайлы ақпараттар беріліп отырды.

ДАІЖО-ры О. Рашбаева, ДОІЖО-ры Ж. Сланбекова электронды журналды талапқа сай жүргізу мен толтыру ережелерімен, тоқсандық бағаларды қоюдың, БЖБ, ТЖБ жүргізу туралы үнемі кеңестер беріп отырды.

19.12.22ж аптаның басын өзімнің кезекшілігімнен бастадым. Оқушылардың сабаққа қатысуын, олардың өмірі мен қауіпсіздігін баса назарда ұстадым, материалдық-техникалық базаның сақталуы мен кабинеттерінің санитарлық ахуалын бақылау, келген кеткен оқушыларды НОВД-ға тіркелуін қадағаладым.


20.12.22ж Оқушылардың тәртібі, сабаққа қатысуы, үнемі бақылауда болды. **BilimLand** платформасының электронды журналы, толымдылығы қатаң бақылауда болды. Педагогтармен ақпараттық түсіндірме жұмыстары жүргізіліп отырды.

21.12.22ж Шардара ауданы адами әлеуетті дамыту бөлімінің 07.12.22 жылғы №06/10-4/845 санды хатына сәйкес, I-тоқсан қорытындысының химия және биология пән бірлестіктері жетекшілерімен «Әдістемелік талдау» отырысы хаттамасының қаулысы негізінде жоғары білім сапасын көрсеткен мектептермен іс-тәжірибе бөлісу мақсатында, іс-шара жоспары жасалып, аймақтық мектептер арасында әдістемелік жұмыстар ұйымдастырылды. Химия, биология пәндерінің мұғалімдері өзара тәжірибе алмасып, инновациялық әдістерді меңгеру туралы ойларын ортаға салды.

21.12.22ж 11^а сыныбында «Аденозинтрифосфат және энергия» тақырыбында химия пәнінің мұғалімі Д. Бижанова сабақ өтті. Оқушыларды топқа бөліп, «Beer» әдісі арқылы алдыңғы сабақ пысықтады. Бейнеролик көрсету арқылы сабақтың мақсатын ашып, «Әуе шар» әдісі арқылы топпен жұмысты орындатты. «Менен сұрақ, сізден жауап» әдісі арқылы сабақты қорытындылап бекітті. Оқушылар сабаққа түгел қатысты, барлығы бағаланды. Сабақта оқушылар топпен жұмыс жасады, жаңа тақырыпты деңгейлік тапсырмаларды орындау барысында білімдерін толықтырды және өз ойларын ортаға салып, өз пікірлерін қорғады. Қалыптастырушы тапсырмаларды жұппен орындады. Соңынан қатысқан пән мұғалімдері тиімді және тиімсіз жақтарын айтып, қорытынды жасады.



21.12.22ж «Тыныс алу және тыныс шығару механизмі. Кеуде құрылысының құрылысы. Тыныс алуға және тыныс шығаруға қатысатын бұлшықеттер. Тыныс алу және тыныс шығарудағы көкеттің маңызы. Ауа жүретін жолдардағы қысымның өзгеруі» тақырыбында биология пәнінің мұғалімі Ф. Оспанова 8^б сыныбына ашық сабақ өтті. Оқушылармен сәлемдесіп, түгендеп, психологиялық жағымды ахуал туғызу үшін «Жүректен жүрекке» әдісін пайдаланып, оқушылар бір-біріне жақсы тілектер айту арқылы бір-біріне жүрек беріп, бір-бірлеріне жақсы тілектер айтып, оқушылардың көңілін көтеріп «Әлеуметтік желілер» арқылы 1-топ **TikTok**, 2-топ **Instagram** деп оқушыларды екі топқа бөлді. «Квест» әдісі оқушыларға жалпылама сұрақтар беріліп, әр оқушы өз жауабымен бөлісіп, бір-бірінің пікірін толықтырып, пікір алмасып, үй тапсырмасын пысықтап алды. «Айырмашылығы неде?» әдісі арқылы жаңа сабақты байланыстыру мақсатында, мағынаны білу үшін суретті сөйлетеді, ой бөліседі, өз білгенін айтып жаңа сабақтың мақсатын ашты.



«Бейнежазба» интербелсенді тақтадан «Тыныс алу және тыныс шығару механизмі» тыныс алу және тыныс шығару механизмін сипаттап, әр оқушы өз ойымен бөлісіп, бір-бірінің пікірін толықтырып, пікір алмасады, берілген тапсырманы бағалау критерийі бойынша орындап шықты. Тақырып бойынша топтық жұмыс орындатып, оқушыларға жалпылама талдау тапсырмасы беріліп, әр оқушы өз ойымен бөлісті. «Көршіңмен сырлас» әдісі арқылы жұптық

жұмыс орындатып, тыныс алу механизімін зерделеді. «Мүшелердің күйі мен тыныс алу және тыныс шығару өзгерісі» кестесіне толтырып оқушылар жеке жұмыс орындап шықты. **"Ыстық картон"** әдісімен ұжымдық жұмыс жасап, сөйлемді толықтырып, оқушылар бүгінгі сабақтың мақсатына жеткізетін тапсырмалар орындауына қарай, өз түсінгенін, пікірін, өз ойын айту арқылы сабаққа қорытынды жасады. Мұғалім оқушыларды **«Лайк жинау»** әдісі арқылы бағалап, сабақ барысын қорытындылады.



21.12.22ж Асанова 7г сыныбында **«Жану процесі»** тақырыбында алдымен сыныпқа жағымды ахуал орнату мақсатында **«Үш шапалақ»** әдісі арқылы 1-шапалақ **«Көңіл-күйіміз қандай?»**, 2-шапалақ **«Сабаққа дайынбыз ба?»**, 3-шапалақ **«Сабақты ойдағыдай аяқтаймыз ба?»** оқушылардың сабаққа дайындығын тексеріп алып, **«Жаңбыр тамшылары»** әдісі арқылы үй тапсырмаларын орындатып, зертханалық жұмысты топпен орындатты. **«Идеялар себеті»** әдісі тақтаға жану сөзі себет ішіне жазылады. Оқушылар жану туралы білетін сөздерін стикерлерге жазып, тақтаға ілді. **«Постер қорғау»** әдісі арқылы оқушыларды топпен бірге жұмыс істетіп, ұсынылған заттарды жану қабілетіне байланысты жанғыш, жанбайтын деп 2 топқа бөліп, (*шырпы, этил спирті, мыс сымы, мәрмәр, антистатикалық сұйықтық, картон*) оқушылармен жек жұмыс жасады. **«Біз біргеміз»** әнімен оқушыларды сергітіп, топқа тәжірибелік жұмыс жасаа, **«Чипсы»** әдісі арқылы сабақты бекітіп, мадақтау арқылы әр тапсырманы орындаған оқушыларды бағалап отырды.



22.12.22ж 7 г сыныбында биология пәнінің мұғалімі Б. Есенбаева **«Адамның тыныс алу мүшелерінің аурулары»** тақырыбында ашық сабақ өткізді. Топты **QR-код** арқылы 1-топ Денсаулық, 2- топ Гигиена топқа бөлді. **«Жаңбыр тамшылары»** әдісі арқылы үй-тапсырмасын пысықтап, өткен сабақтарды қайталады. **«Бейнежазба»** интербелсенді тақтадан **«Тыныс алу және тыныс шығару механизмі»** тыныс алу және тыныс шығару

механизмін сипаттап, әр оқушы өз ойымен бөлісіп, бір-бірінің пікірін толықтырып, пікір алмасады, берілген тапсырманы бағалау критерийі бойынша орындап шықты. «**Көбелек әдісі**» арқылы екі топқа екі тапсырма берілді, ауру түрлеріне сипаттама беріп, аурулардың алдын алу шараларын жазды. «**Бірге ойлаймыз, сөйлейміз**» әдісі арқылы тыныс алу мүшелерінің ауруларының қоздырғышы, симптомдары мен алдын алу шаралары туралы жұптық жұмыс орындатты. «**Фото**» әдісі жеке жұмыс әр оқушыға фотосы бар кесте берілді, әр оқушы берілген фотодан берілген суреттерден сөйлете отырып, тыныс алу мүшелерін тапты.



Оқушылар да, мұғалім де өте белсенділік танытты.

Интерактивті тақтамен тапсырмалар орындады. Жаңа технологиялық әдістер пайдаланылды. Әріптестері тарапынан өткізген ашық сабағы жоғары бағаланды. Жаңартылған бағдарламаға негізделген сабақ жоғары деңгейде өтті. Әрбір өтілген сабақта оқушылар топпен жұмыс жасады, жаңа тақырыпты деңгейлік тапсырмаларды орындау барысында білімдерін толықтырды және өз ойларын ортаға салып, өз пікірлерін қорғап қалыптастырушы тапсырмаларды жұппен орындап, оқушылар қалыптастырушы тапсырмаларды орындап, өзін-өзі бағалауға да дағдыланып, төселгені көрініп тұрды.

Аймақтық мектептен келген мұғалімдер өз ризашылықтарын білдіріп, әріптестерімізге шығармашылық табыс тіледі. **Химия, биология** ұйымшылдықпен, шығармашылық атмосферада, әдістемелік деңгейде өтті. Бұл оқушылардың осы пәндерге қызығушылығын, олардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға ықпал етті. Мұғалімдер өз тәжірибелерін әріптестеріне көрсете алды, әдістемелік нәтижелерімен бөлісті. Сабақ барысы фотосуретке түсіріліп, мектептің сайтына, **ФБ** жарияланды.

26.12.22ж аптаның басын өзімнің кезекшілігімнен бастадым. Оқушылардың сабаққа қатысуын, олардың өмірі мен қауіпсіздігін баса назарда ұстадым, материалдық-техникалық базаның сақталуы мен кабинеттерінің санитарлық ахуалын бақылау, келген кеткен оқушыларды **НОВД**-ға тіркелуін қадағаладым.

ББЖМ білім алушылардың білім жетістіктерінің мониторингі бойынша **4,9** сыныптарға тест кітапшасы алынып, **ШАӘДБ**-не жіберілді.

ШАӘДБ-не 2022 жылдың желтоқсан айында келген-кеткен оқушылар туралы мәліметті толтырып жіберілді.

ДОГЖО-ры: Ж. М. Сланбекова